

**ЭКОНОМИКА**

---

---

**МҒТАР 06.73**  
**ӘӨЖ 657.6(574)**

<https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-1.10>

**А.А. ТАЛҒАРОВ**

ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы  
(Қазақстан, Астана), E-mail: tal\_aidos\_@mail.ru

**МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮРГІЗУДЕ  
ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ БАРЫСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа.* Мақалада Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесіндегі қайталану функцияларының мәселесі көтерілген. Сонымен қатар аталған мәселенің басқа тағы қандай тәуекелдерді туғызуы мүмкін екендігі көрсетілді.

Осы орайда, аталған мәселенің өзектілігін анықтау барысында талдамалық зерттеу жүргізілді, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге шолу жасалды. Аудит жүйесіндегі мемлекеттік аудит органдарының функционалдық міндеттемелері мен уәкілеттіктеріне талдау жүргізіліп, практикалық мысалдар келтірілді. Мемлекеттік аудит саласының өзге елдердегі жағдайы туралы салыстырмалы талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесі мемлекеттік аудит жүйесінде қайталану функциялары мәселесінің бар екенін көрсетті. Аталған мәселенің мемлекеттік аудит жүйесінің кемшіліктерін көрсетіп қана қоймай, оның әрі жетілдірілуіне кері әсерін тигізеді.

Бұл ретте жүргізілген талдамалық зерттеу қортындысы бойынша өз тарапымнан бірқатар ұсыныстар ұсынылды. Өз кезегінде ұсынылған ұсыныстар саладағы толассыз тексерулерді жойып, қайталану функцияларын оңтайландырады деп сенемін. Сонымен қатар мемлекеттік аудит жүйесіндегі кемшіліктердің орнын толтырып, еліміздің мемлекеттік басқару жүйесіндегі жетілдірілген тұрақты институт болып қалыптасуына өз септігін тигізуі тиіс.

**Кілт сөздер:** Мемлекеттік аудит, жемқорлықты азайту, аудитті жетілдіру, функцияларды оңтайландыру.

**Кіріспе**

Қазақстан 2012 жылдан бастап мемлекетіміздің ұзақмерзімді стратегиясын жоспарлап, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына аяқ басты. Осы кезеңнен еліміздің әр саласының бірқатар бағыттары бойынша мәселелер айтылып, алға қойылған жоспарлар, тапсырмалар айқындалды. Соның ішінде мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру мақсатында мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіру

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Талғаров А. А. Мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит жүргізуде өзара іс-қимыл барысындағы мәселелері // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2024. –No1(3). –Б. 125–135. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-1.10>

**\*Cite us correctly:** Talgarov A. A. Memleketitik audit organdarynyn' memleketitik audit zhurgizude ozara is-qimyl barysyndagy maseleleri [Issues of interaction of state audit bodies in conducting state audits] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. – 2024. –No1(3). –Б. 125–135. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-1.10>

бағдарының бірі ретінде Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесін мемлекеттік аудит жүйесіне көшіру болды [1].

Осы орайда Жолдауды іске асыру мақсатында 2013 жылдың 3 қыркүйегінде Президент Жарлығымен ҚР мемлекеттік аудитті енгізу туралы тұжырымдама қабылданып, бекітілді. Бұдан әрі 2015 жылдың 15 қарашасында Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды.

Бұл қабылданған құжаттар мемлекеттің тек қаржы мәселелерін ғана емес, сонымен қатар жетіспеушіліктер бойынша нақты ұсынымдарды берумен қоса, бағыттың барлық түрлерін қамтитын аудит объектілерінің қызметінің тиімділігінің жан-жақты бағалауы ретінде мемлекеттік аудит құралы болды.

Бұл ретте, жоғарыда аталған Заң мемлекеттік аудиттің жүйесін сыртқы және ішкі аудит түрлеріне бөліп, субъектіге қарай жекелеген мақсаттар мен міндеттерді айқындап берген. Егер сыртқы аудит - халықтың әл-ауқатын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың заңды және тиімді басқарылуына талдау жасап, оған баға берсе, ішкі аудит - мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі құжаттарда көрсетілген тікелей және ақырғы нәтижелерге қол жеткізуде қаражаттың тиімді пайдаланылуына, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерінің пайдаланылуына талдау, баға беру болып табылады.

Сыртқы және ішкі аудит органдарының аражігі айқын болу үшін жекелеген сыртқы және ішкі аудит жүргізу ережелері бекітілді.

Бұл ретте, аудит жүргізу органдарының мемлекеттік аудит жүргізудегі өзара іс-қимылы да жоғарыда көрсетілген Заңмен айқындалған. Алайда, сыртқы және ішкі аудиттің функцияларында, олардың аудит түрлеріне, негізгі бағыт-бағдарына қарамастан, тәжірибеде қайталану функциялары орын алады.

Бұған қоса, қазіргі жаһандық құбылмалы өзгерістер жағдайда еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі үнемі жаңа бағыттар бойынша тиісті жаңалауды, жаңғыруды талап етуде. Соның ішінде мемлекеттік басқарудың бірден-бір тетігі болып табылатын мемлекеттік аудит саласындағы үлкен өзгеріс, ол 2022 жылғы наурыз айындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында Есеп комитетін Жоғарғы аудиторлық палатасы етіп қайта құру және аталған органның функцияларын күшейту тапсырмасы болды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы құрылды және оның негізгі функциялары күшейтілді [2].

Осы орайда да, аталған органға мемлекеттік аудит саласындағы басты рөлдің берілуі, басқа аудит органдарының қолданыстағы функцияларына қандай әсерін тигізеді және бұл мемлекеттік аудит жүйесіндегі өзара іс-қимылға қандай оң өзгерістер алып келеді деген сұрақтар туындайды. Бұған қоса, аталған органның құрылуы ішкі аудиттің сыртқы аудитке тәуелділігін тудыруы мүмкін бе?

Сол себепті, мемлекеттік аудит жүйесіндегі өзара іс-қимыл бағыты қазіргі таңда қандай да бір өзгерістерді талап ететіні анық.

Осы орайда мемлекеттік аудит жүйесінің құралы болып табылатын қолданыстағы Заңға, нормативтік-құқықтық актілерге өзгеріс енгізу арқылы қайталанатын функцияларды оңтайландыру арқылы мемлекеттік аудит саласын жетілдіру туындап отыр. Бұл мемлекеттік аудит жүйесіне өзінің оң әсерін тигізуі әбден ықтимал.

Осыған орай менің ғылыми мақаламның негізгі зерттеу мақсаты осы бағыттарда және мемлекеттік аудит жүйесінің жаңалану жолдарын іздеу болмақ.

Мақсат. Мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылындағы механизмді жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсынымдар әзірлеу.

Тапсырма. Бұл ретте, аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі тапсырмаларды орындау талап етіледі:

- мемлекеттік аудитке талдау жүргізу;
- мемлекеттік аудиттің түрлерін зерттеу;
- халықаралық тәжірибелерді зерттеу (бірнеше мемлекет мысалында);
- ұсыныстар әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер және жаңалаулар:

- мемлекеттік аудит жүйесінің өзара іс-қимылының функцияларын оңтайландыру, ара-жігін ажырату;
- аудит жүргізетін органдар арасындағы қайталану тексерулерді қысқарту;
- мемлекеттік аудит жүргізудің сапасын жақсарту;
- коррупциялық тәуекелділікті жою.

Ұсыныстар берілетін органдар: Мемлекеттік аудит жүйесіне кіретін мемлекеттік аудит органдары

### **Зерттеу нәтижелері және талдау**

Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесі 2015 жылы енгізілгеннен бастап 8 жыл ішінде Мемлекеттік басқару жүйесінің бір тетігі болып нық қалыптасты. Қазіргі таңда мемлекеттік аудит – республика мен жергілікті аймақтардан тұратын, тұрақты қалыптасқан, вертикалды және горизонтальді жүйесі бар мемлекеттік институттың бірі. Қазақстан аталған салада жоғарғы аудит органдарының халықаралық ұйымының мүшесі болып табылады (ИНТОСАИ).

Мемлекеттік аудит ол тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде мемлекеттің қаражаты мен активтерін пайдаланудың және басқарудың тиімділігін талдау, бағалау және тексеру. Бұған қоса мемлекеттік аудит мемлекет кепіл берген қарыздарды, гранттарды және басқа да қызметтердің тиімділігіне аудит жасайды.

Мемлекеттік аудитті тек мемлекеттік аудитор сертификаты бар мемлекеттік қызметкер жүзеге асырады. Қазіргі таңда еліміздің мемлекеттік аудит саласында мемлекеттік сертификаты бар шамамен 1790 қызметкер жұмыс атқарады, соның ішінде сыртқы аудит саласында 784 қызметкер болса, 1006 қызметкер ішкі аудит саласының мамандары [3].

Мемлекеттік аудит жүйесінің қызметін Мемлекеттік аудит туралы стандарттар, мемлекеттік аудит туралы заң және мемлекеттік аудитті жүргізудің сыртқы және ішкі қағидалары реттейді. Бұған қоса соңғы жылдары мемлекеттік аудит жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында, заңда көзделген аудит типтеріне байланысты сәйкестік аудиті, тиімділік аудиті және қаржылық есептілік аудитін жүргізудің жекелеген қағидалары бекітіліп, қолданысқа енгізілген.

Қазақстанда мемлекеттік аудит сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит болып екі түрге бөлінген деп жоғарыда айтқан болатынмын. Осы орайда, қолданыстағы стандарттар мен заң, аудиттің екі түріне ортақ болса, сыртқы және ішкі қағидалар әр мемлекеттік аудит түрінің аудит органының уәкілетті органдарымен бекітіледі.

Осыған орай заңға сәйкес сыртқы аудит органдарына Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы және жергілікті жерлердегі облыстық тексеру комиссиялары кірсе, ішкі аудит органдарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен оның жергілікті жерлердегі құрылымдық департаменттері, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың әкімдіктердің және ішкі істер министрлігінің облыстық департаменттерінің ішкі аудит қызметтері кіреді.



### **Кесте - 1 – Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы**

Мемлекеттік аудит жүйесінің жоғарғы аудит органы болып Жоғарғы аудиторлық палатасы саналады және ол тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынады және мемлекеттік аудит органдарының үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады [4].

Аудиттің сәйкестік, қаржылық есептілік және тиімділік типтері жоғарыда аталған барлық мемлекеттік аудит органдарына ортақ екенін атап өткен жөн. Себебі әр органның уәкілеттілігін талдайтын болсақ, функцияларында бірқатар қайталануларды байқауға болады.


Бұл ретте Жоғарғы аудит палатасы тиімділік аудитіне басымдылық берсе, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметтері де аталған аудит типін тұрақты жүзеге асырады. Сонымен қатар қаржылық есептілік аудитін жоғарғы аудит палатасы және ішкі мемлекеттік аудит комитеті де жүргізеді.

Қолданыстағы заңға сәйкес саладағы 4 орган: Жоғарғы аудит палатасы, тексеру комиссиялары, ішкі мемлекеттік аудит комитеті және ішкі аудит қызметтерінің функцияларына жалпылама талдау жасасақ, нәтижесі бойынша келесідей қайталану функцияларын байқауға болады.

Мысалы: ішкі мен сыртқы мемлекеттік аудит функцияларында 6 қайталанатын функциялар бар екен. Сонымен қатар Жоғарғы аудит палатасы мен тексеру комиссияларының функцияларында 13 функция қайталанса, ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен ішкі аудит қызметтерінің функцияларында 2 функция қайталануға жатады.

Қайталану функциялар төмендегі кестеде көрсетілген.

**Кесте - 2 – Мемлекеттік аудит органдарының қайталану функциялары**



Бұл тек қайталанатын функциялар бойынша мысал. Бұған қоса мемлекеттік аудит тәжірибесінде аталған органдар бір мекемеге бір қаржы жылы ішінде қайталанбайтын функциялар бойынша әртүрлі аудит типімен бірнеше рет тексеру жүргізгендері бар. Бұл аталған мекеменің атына жеке немесе заңды тұлғалардың арыз-шағымдары бойынша тағайындалған жоспардан тыс және құқық қорғау органдарының тексерулерін (болған жағдайда) қоспағанда.

Бұл дегеніміз аудит объектісінің ағымдағы жұмысының тиімді жүруіне бірден-бір кедергі (қызметкерлердің алаңдауы, жұмыс барысының баяндауы, стресс және т.б.).

Ал мемлекеттік аудиттің халықаралық тәжірибедегі жағдайы қалай? Мысалы, көрші мемлекеттер Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының соңғы 5 жылдағы аудит саласын алар болсақ, аталған елдің мемлекеттік аудит саласы да біздің мемлекетке ұқсас.

Ресей Федерациясының қаржылық бақылау жүйесі де бірнеше түрге бөлінеді: сыртқы, ішкі, алдын-ала, кейінгі. Негізгі қаржылық бақылау органы болып Ресейдің есеп палатасы саналады, одан кейін бақылау есеп органдары, жергілікті және субъектті әкімшіліктердің қаржылық бақылау, қадағалау органдары және федералдық қазынашылықар қаржылық бақылаудың функцияларын атқарады [5].

Қытай Халық Республикасының қазіргі аудит жүйесі 1949 жылдан бастап енгізілген және ол бірнеше жаңғырулардан өткен. Қазіргі таңда аудит сыртқы және ішкі болып екіге бөлінген. Сыртқы аудит мемлекеттік және тәуелсіз болып бөлінеді. Бұған қоса мемлекеттік тексеру мекемелері жұмыс жасайды. Олар орталық және жергілікті тексеру мекемелеріне бөлінеді [6].

**Кесте - 3 – Мемлекеттік аудиттің басқа елдердегі түрлері**

Аудит түрі	Мемлекеттер		
	Қазақстан	Ресей Федерациясы	Қытай Халық Республикасы
Сыртқы	+	+	+
Ішкі	+	+	+

Байқағандай, көрші елдердің аудит саласы да біздің жүйемен бірдей, алайда шығу тарихы мен даму процесі анағұрлым ерте басталған. Әрине, бұл тәжірибені мен осы тұрғыда күткен себебі, біздің ел аталған екі көрші елге қарағанда анағұрлым жас мемлекет, сол себепті аталған алып мемлекеттердің мемлекеттік басқару тәжірибесін пайдалану дұрыс бағыт. Сол себепті Қазақстанның 30 жылда бақылау жүйесін жаңғыртып, мемлекеттік аудитті енгізуі және жоғарғы аудит органдарының халықаралық ұйымында мүшелік етуі үлкен жетістік. Әлбетте, Қазақстан қазіргі таңда осы жетістіктерді одан әрі жетілдіру бағытында, жоғарыда аталып өткен бірқатар мәселелерді шешуі тиіс деп есептеймін.

Қазақстандағы мемлекеттік аудит органдарының аудит жүргізудегі өзара іс-қимылын зерттеу барысында, біздің аудит жүйесі басқа мемлекеттердің аудит жүйесіне сәйкес келетіні анықталды. Бұл ретте салыстырмалы талдау көрші екі мемлекетті қамтыды. Қытай Халық Республикасының аудит жүйесі байырғы қытайдан басталып, осы күнге дейін 5 кезеңді басынан кешірсе, Ресей Федерациясы өз аудит саласының даму кезеңін Қазақстанмен бірге бастаған. Әлбетте бұл 1991 жылдан бастап совет үкіметінің тәуелсіз достастық мемлекеттерге ыдырауының салдары болар.

Өз кезегінде еліміздің аудит саласындағы мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылы қолданыстағы заңнамалармен реттелгенімен, оның өзара аудит жүргізудегі қайталану функциялары, жүйенің әлі де жетілдірілуін талап етеді. Бұл ретте қайталану функциялары аудиттегі одан әрі келесі мәселелерді туғызуда. Мысалы:

1) аудиторлардың тәуелсіздігі (заңдағы мемлекеттік аудит жүйесіне бекітілген стандарттардың бірі);

2) жемқорлық тәуекелділіктер.

Өзімнің талдамалық зерттеу жұмысымда, аталған мәселелердің қазақстандағы аудит саласының дамуына қандай әсерін тигізгенін қарастырдым. Бұған қоса нақты фактілерді көрсетуге тырыстым және осыған орай аталған мәселелердің шешу жолдарын көрсете отырып, өз ұсыныстарымды берем.

Аудиторлардың тәуелсіздігі мәселесі бойынша, мысалы қолданыстағы заңнамаға сәйкес кейбір аудит органдарының тәуелсіздігі қарастырылмаған, яғни бір тексеру органы екінші тексеру органдарының үстінен кедергісіз тексеру жүргізе алады. Алайда бұл сыртқы мемлекеттік аудит органдары мен ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - ІМАК) және оның жергілікті жерлердегі департаменттеріне қатысты емес. Бұл органдар аталған принципті ұстанады. Бірақ бұл принцип орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтеріне өз нұқсанын келтіруде. Себебі аталған принцип ішкі аудит қызметтеріне таратылмайды.

Өз кезегінде аудит саласындағы тәуелсіздік принципі дегеніміз - аудит жүргізу кезінде аудит органдарының тәуелсіздігіне қол сұғатын араласуға жол бермеу болып табылады [4].

Бұл ретте егер бір орталық мемлекеттік органның ішкі аудит қызметтері сол органның саласындағы бір мемлекеттік мекемеде немесе кәсіпорында сәйкестік аудитін жүргізсе, аталған тип бойынша әшкі аудит қызметінің артынан аталған органда аудитті ішкі мемлекеттік аудит комитеті жүргізеді.

Мысалы, мәдениет саласында ішкі аудит қызметі өзінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит тізіміне сәйкес мәдениет объектілерін тексеру керек болып, іс-шараны жүзеге асырған болатын. Алайда араға бір-екі ай салып сол мекемелерге ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның (ІМАК) жергілікті жерлердегі департаменті тағы аудит жүргізген.

Кішігірім мысал төменгі кестеде келтірілген.

**Кесте - 4 – Жүргізілген аудит бойынша салыстырмалы кесте**

№	Аудит объектісінің атауы	Аудит жүргізген орган		Аудит жүргізілген мерзім
		ОМО Ішкі аудит қызметі жүргізген аудит типі	ҚР ҚМ ІМАК Ішкі мемл. аудит департаменті жүргізген аудит типі	
1	Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы	Сәйкестік, тиімділік аудиті	Сәйкестік аудиті	2023 жыл
2	Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі	Сәйкестік, тиімділік аудиті	Сәйкестік аудиті	2023 жыл
3	Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры	Сәйкестік, тиімділік аудиті	Сәйкестік аудиті	2023 жыл

Аталған аудиторлық іс-шаралардың қортындысы бойынша жасалған аудиторлық есептерді талдау барысында келесі жағдайлар анықталды:

ІМАК аталған объектілерде аудит жүргізу барысында 15 аса сұрақты қамтыған, ал орталық мемлекеттік органның ішкі аудит қызметі 12 сұрақты қамтыған. Осы екі органның қамтыған сұрақтарын салыстыру барысында қайталанатын келесі 7 сұрақ анықталды;

- 1) объектінің даму жоспарын талдау, бағалау және оның орындалуы;
- 2) жалақының есептелуі;
- 3) іссапар шығындары;
- 4) дебиторлық және кредиторлық берешек;
- 5) ұзақ мерзімді активтер мен қосалқы құралдарды есептен шығару;
- 6) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік;
- 7) мемлекеттік сатып алу

Байқағанымыздай қамтылған сұрақтардың ішінде қайталанып тұрған сұрақтардың барлығы аудит объектісінің негізгі қызметін анықтайтын бағыттар [7].

Қайталану болған жағдайда тудыратын тағы бір негізгі мәселе ол - жемқорлық тәуекелділігі мәселесі. Аталған тәуекелділік әрине жемқорлық туралы заңмен реттелсе, оған қоса бұл жауапкершілік аудит саласындағы заңнамалармен де қарастырылған. Бұл мәселе әрине барлық органдарда орын алатын жағдай. Алайда, дәл мемлекеттік аудит саласындағы жемқорлық тәуекелділігі, аталған жүйенің дамуына кері әсерін тигізуде. Себебі аудит объектісі толассыз тексерулерді жеңілдету мақсатында алаңдау, стресс сияқты қалыпты жаңдайды жою үшін пара беру қадамына жол беруі ықтимал. Әрине бұл құбылыстар тексеру объектісіндегі жүргізілетін толассыз тексерулердің салдарынан болуы мүмкін деп есептеймін. Аудит саласындағы жемқорлық мәселесі статистика бойынша өзекті болып табылады.

Қорыта келе мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылы барысында орын алатын қайталану функциялары жоғарыда аталған мәселелері туғызатыны анық. Сол

себепті аудит органдарының функциялары бірқатар жетілдіруді талап ететіні байқалып тұр. Осы орайда жоғарыда көрсеткен қайталану функцияларын келесідей бөлуді ұсынамын:

**Кесте - 5 – Қайталану функцияларын қайта бөлу туралы ұсыныс**



Бұған қоса жоғарыда көрсетілген зерттеу жолымен жасалған талдау қортындысы бойынша:

- мемлекеттік аудитті реттейтін Мемлекеттік аудит туралы Заңға өзгеріс енгізу керек, соның ішінде сыртқы және ішкі аудит органдарының қайталану функцияларын жою керек;

- мемлекеттік аудит типтерін мемлекеттік аудит органдары арасында нақты аражігін ажырату керек;

- заңға тәуелсіздік принципін барлық аудит органдарына ортақ ету бойынша, ережелер мен қағидаларға қайталану функцияларын қайта қарау туралы ұсыныстар беру керек.

Бұл ретте мұндай өзгерістер мемлекеттік аудит жүйесінің жетілуіне мүмкіндік береді және аудит жүргізудегі өзара іс-қимылдың тиімді жүзгізілуіне оң септігін тигізеді деген үміттемін. Бұл өз кезегінде аудит жүйесіндегі қайталануды жою, жемқорлықты азайтуы мүмкін. Бұған қоса тәуелсіздік принципінің толық жұмыс атқаруына жол ашады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы жолдауы;
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №5 Жарлығы;
3. Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен аудит Жоғарғы аудит палатасынан алынған ашық ақпараттар;
4. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392>;



5. Г. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Н.Н.Косоренконың «Ресей федерациясындағы қаржылық бақылау» <https://www.rea.ru/ru/org/cathedries/Kafedra-gosudarstvenno--pravovykh-i-ugolovno-pravovykh-disciplin/PublishingImages/Pages/studymaterials.pptx>;

6. Қытайдағы аудит: [https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/13032/1/Audit\\_v\\_Kitae.pdf](https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/13032/1/Audit_v_Kitae.pdf);

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы РМҚК, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі, Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың есептері;

### **BIBLIOGRAPHY/REFERENCES**

1. Qazaqstan Respublikasy Prezidentining 2012 zhylgy 14 zheltoqsandagy zholdauy [Address of the president of the Republic of Kazakhstan dated December 14, 2012];

2. Qazaqstan Respublikasy Prezidentining 2022 zhylgy 26 qarashadagy №5 ZHarlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 26, 2022 No. 5];

3. Ishki memlekettik audit komiteti men audit ZHogargy audit palatasynan alyngan ashyy aqparattar [Open information from the internal state audit committee and the audit Supreme Audit Chamber];

4. «Memlekettik audit zhane qarzhylyq baqylau turaly» ["On state audit and financial control"] Qazaqstan Respublikasyning Zangy 2015 zhylgy 12 qarashadagy № 392-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392>;

5. G. Plekhanov atyndagy Resej ekonomikalyyq universitetining docenti, zang gylymdarynyng kandidaty N.N.Kosorenkonyng «Resej federaciyasyndagy qarzhylyq baqylau» ["Financial control in the Russian Federation"] <https://www.rea.ru/ru/org/cathedries/Kafedra-gosudarstvenno--pravovykh-i-ugolovno-pravovykh-disciplin/PublishingImages/Pages/studymaterials.pptx>;

6. Qytajdagy audit [Audit in China]: [https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/13032/1/Audit\\_v\\_Kitae.pdf](https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/13032/1/Audit_v_Kitae.pdf);

7. ZHambyl atyndagy Qazaq memlekettik filarmoniyasy RМQK, A.Qasteev atyndagy memlekettik өнер muzeji, G.Musirepov atyndagy memlekettik balalar men zhasospirimder teatrynda zhurgizilgen auditorlyq is-sharalardyn esepteri; [Reports of audit events held at the RSE of the Kazakh State Philharmonic named after Zhambyl, the State Museum of Art named after A. Kasteev, the State Theater for children and youth named after G. Musirepov;]

#### *Аббревиатура:*

МО – мемлекеттік орган;

ОМО – орталық мемлекеттік орган;

ЖАО – жергілікті атқарушы орган;

ҚР ҚМ ІМАК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті;

ТЭН – технико-экономикалық негіздеме;

ҚЭН – қаржы-экономикалық негіздеме;

МЖӘ – мемлекеттік жекеменшік әріптестік

**А.А. ТАЛҒАРОВ**

ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік  
басқару академиясының магистранты  
(Қазақстан, Астана)  
E-mail: tal\_aidos\_@mail.ru

13.02.24 ж. баспаға түсті.  
20.03.24 ж. түзетулерімен түсті.  
29.03.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**A.A. TALGAROV**

Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan  
(Kazakhstan, Astana), E-mail: tal\_aidos\_@mail.ru

## **ISSUES OF INTERACTION DURING THE STATE AUDIT BY THE STATE AUDIT BODIES**

***Abstract.** The article raises the problem of duplication functions in the state audit system of Kazakhstan. It was also shown what other risks this problem can cause.*

*In this regard, in determining the relevance of this issue, an analytical study was conducted, a review of existing regulatory legal acts was carried out. An analysis of the functional obligations and powers of state audit bodies in the audit system was carried out, practical examples were given. A comparative analysis of the state of the state audit sector in other countries was carried out.*

*The results of the analysis showed the existence of the problem of duplication functions in the state audit system. This issue not only reflects the shortcomings of the state audit system, but also negatively affects its further improvement.*

*At the same time, based on the results of the analytical study, a number of proposals were proposed for my part. In turn, I hope that the proposed proposals will eliminate incessant inspections in the industry and optimize duplication functions. At the same time, it should compensate for the shortcomings in the state audit system and contribute to the development of the country as an improved stable institution in the public administration system.*

**Keywords:** State audit, reducing corruption, improving audit, optimizing functions.

**A. A. ТАЛҒАРОВ**

Академия государственного управления при Президенте РК  
(Казахстан, Астана), E-mail: tal\_aidos\_@mail.ru

## **ВОПРОСЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ОРГАНАМИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

***Аннотация.** В статье поднята проблема дублирующих функций в системе государственного аудита Казахстана. Также было показано, какие еще риски может вызвать данная проблема.*

*В этой связи, в ходе определения актуальности данного вопроса было проведено аналитическое исследование, проведен обзор действующих нормативно-правовых актов. Проведен анализ функциональных обязательств и полномочий органов государственного аудита в системе аудита, приведены практические примеры. Проведен сравнительный анализ состояния отрасли государственного аудита в других странах.*

*Результаты анализа показали наличие проблемы дублирующих функций в системе государственного аудита. Данный вопрос не только отражает недостатки системы*

*государственного аудита, но и отрицательно сказывается на ее совершенствовании.*

*При этом по итогам проведенного аналитического исследования со своей стороны был представлен ряд предложений. В свою очередь, я надеюсь, что предложенные предложения устранят сквозные проверки в отрасли и оптимизируют функции повторения. Он также должен компенсировать недостатки в системе государственного аудита и способствовать становлению страны усовершенствованным стабильным институтом в системе государственного управления.*

**Ключевые слова:** *Государственный аудит, снижение коррупции, совершенствование аудита, оптимизация функций.*